

Ықтимал жер сілкіністері аймақтарында құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 44-ө
Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2
сәуірдегі № 173 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 173 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Азаматтық қорғаныс туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңына сәйкес және Алматы қаласында, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында ықтимал жер сілкіністерінен адам шығыны мен залалды азайту мақсатында:

1. Осы өкімге қосымшаға сәйкес ықтимал жер сілкіністерінің зардаптарын жоюға бөлінетін күштер мен құралдар құрамы бекітілсін сәйкес лауазымдар б о й ы н ш а б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, алты ай мерзімде Қазақстандағы жер сілкіністерінің зардаптарын жою, Алматы қаласында, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында жойқын жер сілкіністері туындаған кезде зардап шеккен халықты және материалдық құндылықтарды көшіру жөніндегі іс-қимылдардың республикалық жоспарын ә з і р л е с і н .

3. Қазақстандағы ықтимал жойқын жер сілкіністеріне ден қоюға Қазақстан Республикасының күштері мен құралдарын басқару органдарының әзірлігі м а қ с а т ы н д а :

1) Қазақстан Республикасының күштер мен құралдарды бөлетін орталық және жергілікті атқарушы органдары үш ай мерзімде бекітілген күштер мен құралдарға сәйкес жер сілкіністерінің зардаптарын жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарларын әзірлеуді қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі: халықты хабардар етудің республикалық жүйесінің дереу пайдалануға ұдайы әзір болуын қолдауды қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігімен бірлесіп, бұқаралық ақпарат құралдары, ұялы байланыс операторлары, кәбілді телевизия,

сымды радио, сондай-ақ адамдар көп болатын жерлердегі халықты терминалдык ақпараттандыру кешендерінің иелері арқылы хабарландыру сигналдарын және шұғыл ақпарат беру мәселелерін пысықтасын;

ірі ауқымды ықтимал жер сілкіністері жағдайында құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу мәселелерін пысықтау мақсатында үш жылда бір рет оқу-жаттығу өткізсін;

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі сейсмикалық қауіпті өңірлердегі жалпы білім беру ұйымдарында жер сілкінісі жағдайындағы іс-әрекет ережелері мен тәртібін оқытуды қамтамасыз етсін және практикалық дағдыларын меңгерту бойынша тұрақты жаттығуларды өткізсін;

4) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ірі ауқымдағы ықтимал жер сілкіністері жағдайында құқықтық тәртіптің қорғалуын қамтамасыз ету, тонау, мемлекеттік, қоғамдық және азаматтардың жеке мүлкін талан-таражға салу фактілерінің жолын кесу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін;

5) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі: ауыр инженерлік және көліктік техниканы, материалдарды, жабдықтарды жеткізу үшін ауыр жүк көтеретін ұшақтарды қабылдауды қамтамасыз ететін әуеайлақтарды белгілесін және аталған жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру жөнінде өзара іс-қимыл жоспарын пысықтасын;

орталық атқарушы органдармен және Алматы қаласының, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, темір жол көлігі, әуе кемелері техникасы мен авариялық-құтқару құралымдарының механизмдері үшін тиеу-түсіру және зардап шеккен халықты, материалдық құндылықтарды көшіру пункттерін а й қ ы н д а с ы н ;

теміржол көлігінде тиеу-түсіру құрылғыларын, тиеу және түсіру пункттеріне автокөлік кіреберістерін қамтамасыз етсін;

темір жолдар мен әуеайлақтарда авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын орындау үшін қажетті күштер мен құралдардың нормалық санын айқындасын;

б) орталық атқарушы органдар, Алматы қаласының, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының жергілікті атқарушы о р г а н д а р ы :

жер сілкінісі жағдайындағы іс-қимылдар дайындығы мен тәртібі ережелеріне халықты, барлық деңгейдегі басшыларды оқытуды тұрақты жүзеге асырсын, оқу-жаттығуларды және машықтануларды, оның ішінде хабарлау сигналдары бойынша жүйелі түрде өткізсін, әрбір отбасыны тиісті жадынамамен немесе нұсқаулықпен қамтамасыз етсін, осы білімдерді бұқаралық ақпарат құралдарында белсенді насихаттасын;

әрбір елді мекенде, ғимаратта және құрылыста қауіпсіз бару жерлерін, тиісті

көрсеткіштер орнатып, көшіру жолдарын айқындасын, жойқын жер сілкінісінің қаупі мен туындауы кезінде ғимараттар мен құрылыстардан адамдарды шығарудың практикалық амалдарын пысықтасын;

7) орталық және жергілікті атқарушы органдар жойқын жер сілкіністері туындаған кезде Азаматтық қорғаныстың авариялық-құтқару қызметі, құралымдары күштерінің іс-қимылдарға тұрақты әзірлігін қолдауды қамтамасыз е т с і н ;

8) Алматы қаласының, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының жергілікті атқарушы органдары:

Алматы қаласындағы, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы ықтимал жер сілкіністері кезінде ғимараттарды, құрылыстарды паспорттау деректері және олардың сейсмикалық беріктілігін тексеру нәтижелері негізінде адам шығынын (оның ішінде қайтыс болғандардың) е с е б і н н а қ т ы л а с ы н ;

өңірлердің ерекшелігін ескере отырып, ықтимал жер сілкіністерінен залалды азайту жөнінде шаралар кешенін әзірлесін және тиісті шешімдер қабылдасын.

4. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

7

с ә у і р д е г і

№

4 4 - ө

ө к і м і н е

қосымша

Ықтимал жер сілкінісінің салдарын жою үшін бөлінетін күштер мен құралдар құрамы

Р/с №	Облыстың, орталық атқарушы органның атауы	Күштер мен құралда топтамасы	
		адам	техника
1	2	3	4
Алматы қаласына және Алматы облысы аудандарының бөліктеріне			
1.	Астана қаласы	2543	579
2.	Ақмола облысы	4512	892
3.	Ақтөбе облысы	6477	1814
4.	Атырау облысы	2852	383
5.	Шығыс Қазақстан облысы	10797	3248
6.	Жамбыл облысы	7440	1060
7.	Батыс Қазақстан облысы	3768	612

8.	Қарағанды облысы	9898	1943
9.	Қостанай облысы	4657	919
10.	Қызылорда облысы	4352	1142
11.	Маңғыстау облысы	3169	1166
12.	Павлодар облысы	2780	535
13.	Солтүстік Қазақстан облысы	2134	347
14.	Оңтүстік Қазақстан облысы	11053	1859
Облыстар бойынша жиыны:		76432	16449
15.	Қорғаныс министрлігі	8160	231
16.	Ішкі істер министрлігі	1020	105
17.	Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскер комитеті	1700	117
18.	Көлік және коммуникация министрлігі	405	218+20 әуе кем
19.	Төтенше жағдайлар министрлігі	2202	439+4 әуе кеме
Орталық атқарушы органдар бойынша жиыны:		13487	1110+24 әуе ке
Барлығы:		89919	17559+24 әу кемесі
Алматы облысының Талдықорған өңіріне			
1.	Шығыс Қазақстан облысы	2907	600
2.	Жамбыл облысы	2451	331
3.	Қарағанды облысы	2006	525
4.	Қызылорда облысы	1494	471
5.	Оңтүстік Қазақстан облысы	2414	395
Облыстар бойынша жиыны:		11272	2322
6.	Қорғаныс министрлігі	9160	261
7.	Ішкі істер министрлігі	720	60
8.	Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскер комитеті	1371	99
9.	Көлік және коммуникация министрлігі	405	218+20 әуе кем
10.	Төтенше жағдайлар министрлігі	2202	439+4 әуе кеме
Орталық атқарушы органдар бойынша жиыны:		13858	1077+24 әуе ке
Барлығы:		25130	3399+24 әуе ке
Шығыс Қазақстан облысына			
1.	Алматы облысы	555	184
2.	Павлодар облысы	923	209
Облыстар бойынша жиыны:		1478	393
3.	Қорғаныс министрлігі	2570	85
4.	Ішкі істер министрлігі	800	75
5.	Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскер комитеті	770	47
6.	Көлік және коммуникация министрлігі	405	138+2 әуе кеме
7.	Төтенше жағдайлар министрлігі	1296	253+4 әуе кеме
Орталық атқарушы органдар бойынша жиыны:		5841	598+6 әуе кеме
Барлығы:		7319	991+6 әуе кеме
Жамбыл облысына			

1.	Алматы қаласы	2933	676
2.	Алматы облысы	3462	626
3.	Қызылорда облысы	1494	471
4.	Оңтүстік Қазақстан облысы	1141	158
Облыстар бойынша жиыны:		9030	1931
5.	Қорғаныс министрлігі	1955	61
6.	Ішкі істер министрлігі	500	34
7.	Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскер комитеті	2141	157
8.	Көлік және коммуникация министрлігі	405	218+25 әуе кем
9.	Төтенше жағдайлар министрлігі	1621	339+4 әуе кеме
Орталық атқарушы органдар бойынша жиыны:		6622	809+29 әуе кем
Барлығы:		15652	2740+29 әуе ке
Оңтүстік Қазақстан облысына			
1.	Алматы қаласы	2933	676
2.	Алматы облысы	763	175
3.	Жамбыл облысы	1773	291
4.	Қызылорда облысы	2956	608
Облыстар бойынша жиыны:		8425	1750
5.	Қорғаныс министрлігі	1970	49
6.	Ішкі істер министрлігі	750	72
7.	Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскер комитеті	1361	91
8.	Көлік және коммуникациялар министрлігі	405	198+20 әуе кем
9.	Төтенше жағдайлар министрлігі	1445	281+4 әуе кеме
Орталық атқарушы органдар бойынша жиыны:		5931	691+24 әуе кем
Барлығы:		14356	2441+24 әуе ке

Ескерту: 1. Орталық атқарушы органдар үшін: күштер мен құралдар құрамы құрылымдық бөлімшелер мен ведомстволық бағынысты ұйымдардан тұрады.

2. Облыстар, Астана және Алматы қалалары үшін: күштер мен құралдар құрамы тиісті ведомстволық бағынысты аумақта орналасқан ұйымдардың күштері мен құралдарынан тұрады.